



1967 жылдың бәсәуірінен
бастап шығады

e-mail: agunkatu@gmail.com • www.agun.kz

№ 18 (2093)
17 қараша 2011 жыл

МАМАЯН

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚазАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

17 қараша - ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ

Құрметті студенттер!

Сіздерді халықаралық Студенттер күнімен құттықтаймын!

Ата-бабаларымыздың басынан өткен небір қиын-қыстау замандарда ұрпақтарының қазіргі кездегідей әлемдегі дамыған елдермен терезесі тең, керегесі кең отырып, білім-ғылымға ден берсе екен деп армандағаны ақиқат. Елбасымыздың салиқалы саясаты арқасында осындай жағдайға жетіп отырмыз.

ҚазАТУ- астанадағы тарихы терең, тәлімі кенен жоғары оқу ордасы. Сіздер еліміздің тарихына ұласқан жаңа елдің, жаңа мыңжылдықтың дәстүр жалғастығын сабақтаған елорданың жастарысыздар!

Астананың тарихи құндылықтары қатарындағы қаладағы тұңғыш жоғары оқу орнында білім алу Сіздер үшін зор құрмет деп білемін! Ал біз үшін - өздеріңіздей ойы ұтқыр, білімі дара, қадамы нық, ісі орайлы, әртүрлі салада көш бастан, озат шыққан талантты студенттердің университетімізде бар екені ерекше мақтаныш!

Біздің басты құндылығымыз – сіздерсіздер! Біздің жұмысымыздың бар мәні мен мақсаты Сіздерге сапалы білім беріп, білікті маман дайындау. Білім алыңыздар, ізденіңіздер. Бұл үшін біз сіздерге барлық мүмкіншіліктер мен жағдай жасаймыз. Сондықтан, сіздерге артылған үміт үлкен!

Студенттік шақ Сіздердің өмірлеріңіздегі қызығы мен шыжығы мол үлкен мектеп. Білімді студент, білікті маман болады. Білікті маман, беделді тұлға болады. Ел біртуар тұлғасымен, тұғырлы болады. Білім мен ілімнің іргетасын мықтап қалау үшін ең алдымен жақсы оқып, таудай талаптарыңызды шыңдауларыңыз керек.

Аграрлық білім мен ғылымның қара шаңырағы саналатын ҚазАТУ түлегі ретінде еліміздің тұғырын биіктереп ұлқызы болыңыздар. Аңсаған армандарыңызға, алға қойған мақсаттарыңызға жетіңіздер!

Білікті маман атанып, еліміздің әрбір саласында ҚазАТУ шәкірті деген құрметке ие елеулі азаматтары болуларыңызға ишын жүректен тілектеспін!



Ректор А. Күрибаев



АРАЙЛАП АТҚАН АҚ ТАҢ

Күнгізбе бойынша бір бүтін жыл аяқталуға жақындағанымен, барлық оқу ордасы үшін жаңа оқу жылы басталды. Бұл оқу жылы өзге жылдан өзгереді. Алдымызда Тәуелсіздіктің 20 жылдығы келе жатыр. Тарихи бодандықтың жылбырында кісендеулі, кеңестің керзі табанында езулі, ділден ада қалу қаупінің аз-ақ алдында қалған ел үшін «Егемендік», «Тәуелсіздік», «Еркіндік», «Бостандық» ұғымдары соншалықты ыстық, баға жеткізсіз, теңдесі жоқ. Оны сөзбен баян ету, сірә, жеткіліксіз. Шәкәрімше айтсақ, «бұған ұйқасты өлең сөз керек, өзіне орайлы», парқына бара алатын, бағасын асыра алатын.

Тәуелсіздік сәбидің жанарынан, ананың жаулығынан, атаның бата тілегінен, ердің білегінен, бұрымдының жүрегінен сағымға айналған сағыныш, мәңгілік тілекке айналған арман боп тұна берді.

Бір-ақ күнде бір жапырақ қағаз бетіне қойылған бір қол мен басылған бір таңбаның ізінен күллі бір ұлттың, еңселі елдің тарихы тамырын сабақтады, абыройын асқақтатты, белін бекем буып, қадамын нықтады.

Ақ таң бір күнде атқанмен, ғасырлар шежіресін көмкере, сол жолда ұзақ арпалыс, үкілі үміт, мүдделі мақсат, сан мындаған тағдырдың тақымымен келді. Осы жолда тарихшылардың деректері бойынша қазақ ұлты төрт жүзге жуық жанкешті қозғалысты бастан өткерді. Ал сол әрбір қозғалыстың әкелген қасіреті бізге беймәлім.

Кітап беттерінен оқыған кешегі хан Абылай, Кенесары, бахадүр батыр Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Жанқожа, Есет, Махамбет пен Исатай, сөз маржанын терген Нұртуған мен Қазтуған, Бұхар мен Мұрын жыраулар, төрелігін дөп айтқан Төле, Қазбек, Әйтеке билер, дарабоз Абай, Алаш арысы Сәкен, Ахметгерді осы тәуелсіздік ұғымына ұластырамыз. Осындай сан мындаған тағдырдың өткен жылдар ішінде саясаты сұрапыл жат жұртпен тар көпірде ұлт мүддесін көздеп, сан мәрте сын сағатта қайрат көрсеткені – бүгінге тарих. Сол тарих парағы жас өренді қайрайтын рух қайрағы, кеткенінің орнын толтыратын сананың тамызығы.

Бостандықтың жыры, сыры, құны біз үшін ана сүтіндей ардақты. Абыройлы ақ таңның еңселі елге бергені мол, берері әлі алда. Жұрт жанарын аулаған кез келген

бұқаралық ақпарат құралының әр бетінде, қала берді шетелде де, Қазақ елінің болмысы, шоктығы биік мәртебесі күн санап жанарып жатады. Елі мен жері, әлеуеті мен тарихы, хал-ахуалы, кәсібі, ішкі-сыртқы беделі, тіршілік бейнесі бір-біріне үйлесім тауып, әлем алдында берік елдің сипаты ашылды, ұстанымы ұлағатқа айналды.

Міне, бұл үстіртін, бір-екі ауыз сөзбен майдалап өткеніміз. Ал қыр-сырына жіті тоқталып, жілігін шағып, екі он жылдықтың кем дегенде он қасиетін тізер болсақ, әлі талай жайдың айтылары, оқыған мен естігеннің көз қуантар, жүрегің мактау кернер тұстарының таусылмасы анық. Оның барлығы сіз бен біздің көз алдымызда жасалған азат қазақ елінің тарихы.

20 жылдықтың қарсаңында тұсауы кесілген әр шара - ендігі 20 жылдыққа деген сәтті қадам, жаңа мақсат, жаңа талпыныс. Бізге дейін жасалған әр істің өміршендігі алдыңғы буын ағалардың ұстанымынан десек, ендігі абырой жас толқын-тәуелсіздік құрдастарының үлесінде.

Еркежан Күнтуғанқызы
Баспасөз хатшысы



ЖАҢАЛЫҚТАР ЖЕЛІСІ

ПАРЛАМЕНТТІК АШЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРИ

2011 жылғы қарашаның 12-13 күндері «ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойына арналған кубок» атты Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің факультетарлық парламенттік ашық пікірсайыс турнирі өтті. Турнирдің ұйымдастыру шараларына Айман Тұғалидың төрағалық етуімен Жастар парламенті колдау көрсетті. Турнирге әрбір факультеттің белсенді жастары қатысып, өздерінің жеке ойларымен, сөз саптау шеберлігімен ерекшеленді. Турнирдің күнқатарынан жүргізіліп, өзінің көрермендері мен қатысушыларын тапты.

Турнирдің қазақ топтары арасындағы бәсекесіне энергетикалық факультетінің «Балмұздақтар», «2030», техникалық факультетінің «Жаңа ғимарат», Мал шаруашылығы факультетінің «Достық», ҚЖЖКББ факультетінің «Алаш ұрпақтары», агрономия факультетінің «Дарын», Жерге орналастыру факультетінің «Болашақ», «Қыран», сәулет өнері факультетінің «Асыл» топтары қатысты.

Орыс топтары арасындағы бәсекесіне экономика факультетінің «Альянс», «Два уха», энергетикалық факультетінің «Ред бул», «Фракция Инсайд», техникалық факультетінің «Болты», мал шаруашылығы факультетінің «Уин», «Перспектив Победы», ҚЖЖКББ факультетінің «Томири», агрономия факультетінің «Самрук», жерге орналастыру факультетінің «Дрим Тим», сәулет өнері факультетінің «Ордер» топтары қатысып, турнирдің сәнін келтірді.

Турнирдің «Тәуелсіздік жолындағы» берілген арнайы тақырыптарының мәнін ашып, өздерінің ойын нақты жеткізіп, дәлелдей білген топтар ақтық мәреге жолдама алды. Турнирдің жеңімпаздары мақтау қағаздары және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Турнирдің қорытындысына сәйкес қазақ топтары арасында:

I орын – энергетикалық факультет, «2030» - Қосылбек Насилхан, Айша Мақсұт

II орын – энергетикалық факультет, «Балмұздақтар» - Жандос Блалов, Батыржан Түсіпбеков

III орын – агрономия факультеті, «Дарын» - Дінмұхаммед Сейтхалиев, Мөлдір Әжімахан

«Үздік спикер» - Ақерке Торғаутова, мал шаруашылығы факультеті

«Үздік төреші» - Арайлым Серіктай, экономика факультеті

Турнирдің қорытындысына сәйкес орыс топтары арасында:

I орын – энергетикалық факультет, «Ред Бул» - Даушев Ильдар, Карпов Антон

II орын – экономика факультеті, «Альянс» - Арызгулова Дияра, Баянова Асель

III орын – экономика факультеті, «Два уха» - Асанов Тимур, Альтопорова Сания

«Үздік спикер» - Турсунғалиева Динара, ветеринария және мал шаруашылығы факультет

«Үздік төреші» - Сабитов Рустам, техникалық факультет

Баспасөз орталығы

«2011 Студенттік жылдың Аруы» байқауын ҚАЗАТУ-дың I курс студенті жеңіп алды.

2011 ЖЫЛДЫҢ АРУЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, «Егемендіктің құрдастары – Тәуелсіздіктің болашағы» атты ұранмен «Студенттік жылдың Аруы» IV қалалық байқауы кеше (2011 жылғы 9 қараша) мәресіне жетті. Елорданың цирк ғимаратында «М-Арт» шығармашылық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен байқауға Елордадағы жоғары оқу орындарының 38 студенті қатысты. Солардың қатарындағы 12 ару - С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің студенттері.

Ең басты жаңалық биылғы «2011 Студенттік жылдың Аруы» байқауының Гран При иесі біздің Қарлығаш Батталова атанды (1-курс, экономика факультеті).

3- вице-ару атағы Жамила Токашеваға бұйырды (1 курс, сәулет өнері факультеті).

«Айсұлу Өрнек» атағын Альмира Исина, «Мисс style» атағын Айдана Бакилова (1 курс, энергетикалық факультет) жеңіп алды.

Байқау «Өрнек» - қыздардың сәлемдесуі, «Соус» - хореографиялық шеберліктері, «Египет» - жүріс-тұрысы (дефиле), «Комильфо» - кешкі киім үлгілерін көрсету сияқты төрт кезеңге бөлінген.

Баспасөз орталығы

«АТАМЕКЕН» ҮЙІРМЕСІНІҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

2011 жылдың 27 қазанында «Атамекен» үйірмесінің тұсаукесер рәсімі өткізілді. Рәсімге үйірме мүшелері және Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушылары қатысты.

Тарих ғылымдарының докторы, доцент Г.А. Алпыспаева және кафедра меңгерушісі т.ғ.к. А.К.Абпазов және магистр, оқытушы А.П. Алиакбарова құттықтау сөздерін сөйледі.

Үйірменің тізімі және зерттеу тақырыптары бекітілді. Үйірменің жұмысы: Отан тарихы, өлкетану және этнология бағыттары бойынша жүргізіледі. Студенттер өздері таңдаған тақырыптар бойынша жұмыс атқаруға тілек білдірді.

Тұсаукесер қарсаңында үйірме мүшелері М. Горкий атындағы орыс драма театрында «Томири» спектаклін тамашалап, Астанамыздың тарихи ескерткіштерін аралап көрді.

Баспасөз орталығы

ИОРДАНИЯЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯ

Өткен жұмада С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне Иордания Хашимит Корольдігінен делегация келді.

Делегация құрамына тоқталсақ, Ирбид қаласында орналасқан Ярмук университетінің ректоры Абдулла Аль Муса, бейнелеу өнері факультетінің мүшесі Мохаммад Гаванмен және Азиз Абдель Мади. Университетіміздің ректоры Ақылбек Қажығұлұлы Күршімбаев Иордания мемлекетінен келген қонақтарды қарсы алды. Әңгіме барысында биотехнология, агрономия, сонымен қатар студенттермен алмасу және оқытушылардың біліктілігін арттыру жөніндегі мәселелер талқыланды. 1976 жылы құрылған Ярмук университеті агрономия, экономика, ақпараттық технология, туризм және басқа да мамандықтар бойынша бакалавриатура, магистратура және PhD бағдарламасы негізінде мамандар даярлайды.

Аль Муса мырза Иордания мемлекетінің Қазақстан мен Иордания арасында тығыз қарым-қатынасты орнатуға қызығушылық білдіретінін атап өтті. Кездесу соңында екі тарап та білім және ғылыми-зерттеу қызметі саласындағы бірлескен жұмыстарды жолға қою, студенттер мен оқытушылар арасында алмасу жұмыстарын іске асыру сияқты ортақ шешім қабылдады. Осы сапар университеттер арасындағы тығыз ынтымақтастықтың бастамасы болмақ.

Халықаралық ынтымақтастық бөлімінің маманы Ж.А. Қуатбекова

ПОЛУВЕКОВОЙ ПУТЬ КАФЕДРЫ РАСТЕНИЕВОДСТВА

Акмолинский (затем Целиноградский) сельхозинститут предтеча нынешнего Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина был организован на основании постановления Совмина СССР от 3 октября 1957 года за № 1176 в составе 3 факультетов – агрономического, механизации сельского хозяйства и землеустроительно-

го. Коллектив вновь созданного института начал формироваться в 1958 году, в штате которого было всего 27 единиц преподавателей, из которых только один имел ученую степень доктора и 7 кандидатов наук, в 1958 году был проведен и первый набор студентов на 1 курс в количестве 75 человек.

В первые годы были созданы общеобразовательные кафедры, затем уже профильные, среди которых 1 сентября 1961 года была организована кафедра растениеводства, первым заведующим кафедрой которой был доцент Ржанов Т.С., бывший агроном – производственник, возглавлявший кафедру с 1961 по 1966 гг., после него Малютин М.Г.(1966-1967) и Цепенко А.А.(1967-1968), в последующие годы Можаяев Н.И. (1968-1979), Нургалиев А.Н.(1979-1990), Аринов К.К.(1990-2000), Шестакова Н.А.(2001-2007), а с 2007 года Мусынов К.М.

За 50 лет существования кафедры растениеводства на ее основе создавались другие кафедры, в частности, в 1963 г. была образована кафедра овощеводства и защиты растений, в 1979 году из кафедры была выделена кафедра кормопроизводства.

Большую роль в подготовке кадров по специальности растениеводство сыграли созданные при институте диссертационные советы по защите кандидатских диссертаций, первый из которых был открыт в 1973 году, с 1995 по 2007 годы работал диссертационный совет по защите кандидатских диссертаций, бессменным председателем которого все эти годы был д.с.-х.н. Можаяев Н.И., в состав входили ученые кафедры растениеводства, с 2007 по 2010 гг. при университете работал объединенный диссертационный совет по защите докторских диссертаций под председательством доктора с.-х.н. Алимжанова Б.О

На кафедре с первых дней ее создания до настоящего времени проводится активная работа по трем основным направлениям: учебная, учебно-методическая, научная (в том числе подготовка учебников и учебных пособий).

1988 года было начато обучение студентов на государственном языке, потому возникла необходимость издания учебных пособий на казахском языке, на первых этапах путем перевода с русского, а первой «ласточкой» было издание в 1993 году «Әсімдік



шаруашылығы» (окулык) с грифом МОН РК - (авторы Н.И.Можаяев, К.К.Аринов и др.).

Весь пятидесятилетний срок существования кафедры растениеводства наряду с учебной работой преподаватели вели научно-исследовательскую работу по актуальной тематике, в выполнении которой принимали участие аспиранты и студенты по разработке и совершенствованию технологии возделывания зерновых, кормовых, овощных культур, корнеплодов, клубнеплодов и др. Полученные материалы использовались в опубликованных в научных статьях в союзных и республиканских журналах, трудах института. В 70-80-х годах одним из ведущих направлений исследований в институте было определено кормопроизводство, и лаборатория по кормопроизводству. Экспериментальная работа проводилась на опытном поле учебно-опытного хозяйства, а также по хозяйственной тематике в совхозах Целиноградской, Кокчетавской и Тургайской областей.

20-летие независимости Республики Казахстан и пятидесятилетней юбилей коллектив кафедры отмечает неплохими результатами в учебной, научно-исследовательской, учебно-методической работе, штат ее увеличился: в настоящее время работает 23 штатных преподавателя, в т.ч. 5 профессоров, из них 4 доктора с.-х.наук, 15 кандидатов наук, из них 13 доцентов и 3 магистра (остепенненность 95,0 %). Кафедра пополнилась дисциплинами и преподавателями по защите растений - доценты, кандидат с.-х. наук Тулеева А.К., по ботанике - Муранец А.П., по селекции и семеноводству- Москаленко В.М. и др. С текущего учебного года контингент магистрантов, обу-

чающихся на кафедре, увеличился до 10 человек, два докторанта обучаются по двухдипломной программе с Монгольским аграрным университетом – (Ногаев А.А., Бекбулатов С. - научный руководитель Серикпаев Н.А.). Коллектив кафедры по итогам конкурса среди кафедр университета в последние годы неоднократно занимал призовые места.

В составе учебно-вспомогательного персонала работают лаборанты Хасанова Г.Ж., Рахимжанова Б.Д., Соколова В.С., Калдыбекова Ш.Е., особо следует отметить работу бывшего старшего лаборанта Федоровой Ю.И., которая более 22 лет руководила своими подчиненными, умело поддерживала деловой и моральный климат в коллективе, а многие выше названные учебники и учебные пособия, методическая литература грамотно выполнялись ей в компьютерном наборе.

Безусловно, в работе кафедры в целом, а также отдельных преподавателей, технического персонала допускаются ошибки, мы их видим, однако коллектив и каждый сотрудник стремится ответственно относиться к работе, направленной на повышение уровня подготовки студентов – будущих специалистов.

Уважаемые коллеги! Поздравляем Вас с 50-летним юбилеем кафедры! Желаем Вам крепкого здоровья, острого пера, хороших идей, творческих успехов и новых достижений в деле подготовки высококвалифицированных конкурентоспособных кадров для агропромышленного комплекса страны.

**Можаяев Н.И.,
доктор с.-х наук, профессор,
Серекпаев Н.А. доктор с.-х. наук,
профессор, декан агрофака**



Мен ҚазАТУ

2 қараша күні Қазақстан концерт залында С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың 1 курс студенттері салтанатты түрде студенттер қатарына қабылданды.


Еліміздің ең басты мерекесі Тәуелсіздіктің 20 жылдығында студент қатарына қабылданып жатқан С.Сейфуллин

Тәуелсіздік алған алғашқы жылы университетке 800 студент қабылдана, биыл 2700 студент түсті. Бұл көрсеткіш - университет тарихындағы ең үлкен жетістік. Одан бөлек сырттай оқыту бөлімінде 703 студент білім алады. Магистратураға қабылданған 158 адамның 75-і мемлекеттік грант иеленді. Жалпы мұның барлығы - С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-дың білім кеңістігіндегі орны мен еліміздің ауыл шаруашылығы саласының қарқынды дамып келе жатқанының көрінісі.



атындағы ҚазАТУ-дың 1 курс студенттерін ҚР Білім және ғылым министрі атынан вице-министр Мұрат Орынханов құттықтады. Университет ректоры А.Күрішбаев мерекелік шараға қатысып отырған қонақтар мен ұстаздарды, студенттерді құттықтап, қатарға жаңадан қосылған жастарға қалыптасқан дәстүр бойынша студенттік

Елбасымыздың жоғары білімнің сапасын көтеруге қойған талаптарына сәйкес университетте оқу жүйесін жаңғырту үшін студент пен профессорлық-оқытушылар құрамының шығармашылық белсенділігін жетілдіруге, студенттің өздігінен жұмыс істеу қабілетін арттыруға, білім сапасын жетілдіруге негізделген оқытудың кредиттік технологиясы енгізілген. **Кредиттік жүйе студентке білім игеруде жүйелі түрде өздігінен ізденуге мүмкіндік береді. Бұл - білім берудегі ең тиімді тәсіл.** Білім-ғылым және өндіріс интеграциясы жүзеге асырылып жатыр. Яғни, ел экономикасының сұранысына сәйкес ғылыми зерттеу жобаларын жүзеге асыру болжамы және шетелдік ғылыми ұйымдармен әріптестік (әсіресе, қос дипломды бағдарлама негізінде) орнатылған. Түлектерді кәсіби тәжірибеден өткізіп, одан кейін жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілермен келісім жүргізіліп отырады.



СТУДЕНТИМІН!

билет пен сынақ кітапшасын тапсырды.

Мәртебесі биік мерекеге студенттік өмірлері тұспа-тұс келіп жатқан 1 курс студенттері еліміздің бас сахнасына өздері шығып, дүйім жұртқа өнерлерін паш етті.

Кеш барысында жыл сайын оқу орнында дәстүрлі өтетін «Жаңа ұрпақ» және «Алғашқы студенттік күз» конкурстарының жеңімпаздары таңдалып, марапатталды. Өзімізге мәлім, 26-28 қыркүйек аралығында 8 факультеттің қатысуымен «Алғашқы студенттік күз» фестивалі өткен болатын. Сайыс қорытындысы бойынша 1 - орын экономика факультетінің еншісіне тиді. 2-орынды агрономия факультеті иеленіп, жүлделі 3-орынды энергетикалық факультет пен ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультеті өзара бөлісті.

Бір жылдық оқу барысында білім-ғылым, қоғамдық жұмысқа белсене араласып, нағыз патриоттығын танытқан, компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультетінің 2 курс студенті Ләззат Сайынова «Жаңа ұрпақ» сайысының жеңімпазы атанды.



Махаббат Жүсіпова, экономика факультеті 1 курс

Осы университет туралы бір досымнан естідім. 2009 жылы шілде айында қалаға келгенімде ҚазАТУ-ды сырттай көрдім, сол кезден бастап осы жоғары оқу орнына түсем деген арманым болды. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ салалық білім берумен қатар талантты жастар көзін ашатын, соларды қолдайтын киелі білім ордасы деп білемін. Соның дәлелі, міне бүгін сахна төрінде университет табалдырығын кеше ғана аттаған 1 курс студенттері бір ай ішінде өз өнерлерін жетілдіріп, ел алдында көрсетіп жатыр. Өзім де қазір «Шабыт» ұлт аспаптар ансамбліне қатысып жүрмін. Мен де болашақта биік шыңдардан көрінуді мақсат еттім. «Мен ҚазАТУ студентімін» деген сөзді мақтанышпен айта аламын!



Мөлдір Спанғалиева, экономика факультеті 1 курс

Әрбір жас түлек арман еткен сынды мен де жоғары оқу орнына оқуға түсіп, ата-анамның үмітін ақтағым келді. Сол арманның жетегімен Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін таңдадым. Бұл университетті таңдауымның да өз себебі бар: біріншіден, Елордамыз Астанада оқығым келді; екіншіден, мұнда білім беру саласына көп еңбегі сіңген аға оқытушылар бар. Сондықтан бұл университетке түскеніме өкінбеймін. Осындай білім ордасында білім алып, жоғары жетістіктерге жетемін деп үлкен сеніммен айта аламын. Жалпы айтқанда, университетіміз барлық жағынан жан-жақты деп айтуға болады.



Міне осылай, ән-жырдан шашу шашып, үлкендерінің ұлағатын жеткізіп, С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студенттерінің 53-ші легін қарсы алды.

Баспасөз орталығы



*«Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Елімізден құт береке қаипасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз».*

ЕЛ ЕРТЕҢІ ҮШІН БІЛІМ АЛЫП, ЕҢБЕК ЕТЕЙІК

Қаздауысты Қазыбек бидің осы бір сөзі қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мінез құлқынан, тұрмыс тіршілігінен хабар беріп тұрғандай. Қазақстан өлкесінде б.э.д. II мыңжылдықтан бастап мал шаруашылығы суармалы егіншілікпен қатар дамып, бүгінгі күнге дейін күн көрісі мен тұрмыс тіршілігінің жақсаруына ықпал боп келді. Кешегі өткен 1928 жылдардағы кәмпескелеудің қазақ халқына қаншалықты азапты күндерді әкелгенінен-ақ көп нәрсені аңғаруға болады. Көшпелілердің өмірінде малдың маңыздылығын Ш. Уәлихановтай мейлінше дәл көрсету мүмкін емес: «Дала көшпелісін ішіп жегізетін де, киіндіретін де мал, ол үшін өз тыныштығынан малының аман болғаны қымбат. Қазақтар бір-бірімен амандасқанда «мал жаның аман ба?» деген сөздермен бастайды. Отбасының мал жайын алдын ала сұрастыруы көшпелілер өмірінде малдың қаншалықты маңызы барын айқын көрсетеді». Ал енді қазақ шаруалары ресейлік билік жылдарында ғана астық өсірумен айналысты деген жаңсақ пікір. Өткен тарихқа көз салсақ, біздің ата бабаларымыздың осыдан 4-5 мың жыл бұрын арпа, бидай өсіруді қолға алған. Ендеше егіншілікпен қоса малшылық біздің ата кәсібіміз, дәстүрлі шаруашылығымыз. Малдың сырын қазақтай білетін халық жоқ. Осы тұрғыдан келгенде Елбасымыздың бүгінгі кезеңдегі жүргізіп отырған саясаты құптарлық. Кеше ғана солтүстік облыстарда болған іссапарында егіншілікпен қатар, мал санын көбейтіп, көбейтіп қана қоймай асылдандыру керектігін қатаң ескертті. Мал басын асылдандыру экономикалық жағынан қаржыға келіп тірелсе, екінші жағы кадрлардың біліктілігін арттыруды қажет етіп отыр. Еліміздің аграрлық саласындағы соңғы жылдардағы жетістіктері жеткілікті болғанымен проблемалар да жоқ емес. Қазіргі ақпараттық технология заманы ауыл шаруашылығына көптеген жаңалықтар, өзгерістер енгізуде. Осы мақсатқа орай солтүстік орталық өлкелерімізді бірден бір мамандармен толықтыратын жоғары оқу орны Елордамызда орналасқан С.Сейфуллин атындағы Қазақ агро-техникалық университеті. Іргетасының қаланғанына биыл 54 жыл, ел тәуелсіздігінің 20 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. 1957 жылдың 3 қазаны күні №1176 Қаулысымен Тың өлкесінің орталығы Ақмола қаласында ауылшаруашылығы институтын ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

1958 жылдың 8 қазанында бірінші қоңырау соғылып, агрономия, а.ш.механикаландыру және жерге орналастыру факультеті 250 студентті партаға отырғызды. Кейінірек республика көлемінде мал санының артуы мен егіншіліктің одан әрі дамуы басқа да мамандық иелерін қажет етті. Осыған байланысты 1963 жылы экономика және зоотехния, 1965 жылы ауыл шаруашылығын электрлендіру, 1974 жылы ветеринария, 1975 жылы сәулет өнері, ал 1983 жылы инженерлік-педагогикалық факультеттері ашылды. Бүгінгі күні кезінде шағын ұжымнан басталған оқу орны ұрпақтар сабақтастығын орната білген профессорлық-оқытушылар құрамының арқасында еліміздің буыны бекіген ірі ЖОО -ның бірегейі болып қалыптасты. 2006 жылғы халықаралық рейтингілеудің есептеулеріне сүйене отырып жүргізілген Қазақстандағы 112 университет қатысқан зерттеулер негізінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті техникалық университеттер арасында 2 орында тұрса, ауылшаруашылық жоғары оқу орындарының арасында 1 орында тұр. Біздің университетіміз Ауыл шаруашылығы министрлігінің құрамындағы ғылыми-зерттеу институттарымен және шетелдік

ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын оқу орындарымен тығыз байланыста болып, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда. 54 жылдың ішінде университетіміз 50 мыңнан аса түлектеріне жолдама берген екен.

Түлектеріміздің жетістіктері оқу орнымыздың беделі мен абыройын асқақтатып, Қазақстан Республикасының және еліміздің ордасы Астана қаласының дамуына тікелей атсалысып отыр. Егемен еліміздің экономикасы мен мәдениетінің алға басуында, саяси өмірінде болып жатқан өзгерістерінде университеттің өз қолтаңбасы бар екендігіне ешкім күмән келтірмес.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде студенттер үшін барлық жағдай жасалған, ғылыми ізденісіне кең жол ашылған. Жастар ісі жөніндегі белсенді комитет және қоғамдық кәсіптер факультеті, студенттік кәсіподақ ұйымы жұмыс жасайды. Онда студенттер таңдаған мамандығымен қатар түрлі бағыттағы шығармашылық таланттарын шыңдай алады. Студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары белсенді жүргізіледі. Спорт клубында 18 секция, яғни қазақша күрес, ауыр атлетика, армрестлинг, футбол, баскетбол т.б. жұмыс жасайды. Биылғы жылы университетімізде қабылданған студенттердің саны күндізгі бөлімде 2439 болса, сырттай бөлімде 703 адам. Жалпы оқып жатқан студенттердің саны 9430 адамға жетіп отыр.

Біздің университет - ел көлемінде өзінің дәстүрі қалыптасқан, бай тәжірибесі бар оқу орындарының бірі. Бізден түлеп ұшқан мамандардың еліміздің іргелі салаларында жұмыс істеп, бүгінде көпшілігінің Парламент төрінде, ел тағдырын арқалаған жоғары лауазымдарда отырғаны - біздің сөзіміздің дәлелі.

Ләззат САЙЫНОВА
Компьютерлік жүйелер және кәсіптік білім беру факультеті
2 курс студенті

ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ

Қазақстандағы Тілдер апталығының аясында Жас ғалымдар кеңесі мен гуманитарлық факультетінің «Қазақ тілі», «Қазақстан тарихы» кафедралары «Дәстүр жалғастығы» клубы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арнап университетішілік өзге тілді жас ғалымдар мен студенттер арасында мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту мақсатында үстіміздегі жылдың 23 қыркүйегінде «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты байқау өткізді.

Байқау - Қазақ тілінің көркемдігін, бай сөздік қорын, қазақ ақын-жазушыларының шығармалары арқылы насихаттап, қоғамдық ынтымақтастықты арттыру, қазақ ақын-жазушыларының шығармалары арқылы көркем сөз шеберлігін, тіл мәдениетін шыңдау, өзге ұлт жас ғалымдары мен студенттері арасында мемлекеттік тілдің қолданысын кеңінен насихаттау мақсатында жүргізілді.

Байқауға алғашқы кезеңде 16 түлек сынға түссе, I жазбаша кезеңнің нәтижесі және әділқазылар алқасының шешімімен байқаудың 2 кезеңіне 7 қатысушы жолдама алды.

Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы Е.Т.Нұрманов



ЖАСТАР ЖАНАРЫ

ҚЫЗЫҚҚА ТОЛЫ студенттік шақ, ...

Адам баласы өмірге келгеннен кейін, оның айналасында, тағдырында неше түрлі өзгерістер, қиын да қызықты кездері болады. Мектептегі жылдары: оқушы күндері, есейе келе: студенттік өмір басталады. Мен де қазіргі таңда студенттік өмірдің белесіндемін.

Әке-шешем оқуға аттандырып, жолға шығарып салған сәттен бастап, кеудемді бір ерек сезім кернеді. Мүмкін онда бір үлкен толқу болды ма, әлде балалықпен қоштасу ма, немесе үлкен өмірге қадам басу ма?! Сол кездегі ішкі сезімді түсіндіре алмаймын. Бірақ та, іштей ерекше бір құбылысты сезгенім анық.

Оқуға келіп, жатақханаға орналасқаннан кейін, өмірдегі ең қызықты әрі қиын кезең басталды. Барлығы бірінші танысудан, танысқан кезде де, ең бірінші өз жерлестеріңді іздеуден бастау алады. Оларды көрген сәтте туған жеріме, әке шаңырағына бір барып қайтқандай болатынымын.

Бастапқы айларда студент екенімді сезбейтінмін, ақшам бар, тамағым тоқ. Одан кейін, жаңа тапқан достарыммен қыдырулар басталды. Бір қызықты жері, қыдырарда ақша үнемдеу дегенді ұмытып кететінмін. Үйден келген ақшаны оқтай шашып, қызық дәурен кешіп, ертеңінде сабаққа ұйықтап қалатын кездер де болатын.

Одан кейін, осы қызық жылдардың екінші кезеңі басталды. Үйден шығарда өзіңді үлкен адам ретінде сезініп барасың. Достарыңды көресің,

барлығы таныс, көбін білесің. Жаңадан келген бірінші курс студенттері арасынан жерлестеріңді, таныстарыңды іздейсің. Басы қыдырумен басталады. Осы кезде де бірінші курстағы кездерің қайталаңады. Сабақ бірінші курстан жеңіл секілді болып көрінеді. Кейде, қыздарға барып үй тапсырмаларын, лекцияларды жаздырып аласың.

Үйдің тамағын, ыстық бауырсағын, шұбатын аңсайтын күндер келеді. Ауылдан «посылка» келгенде үйге барып келгендей боласың. Опыр-топыр болып, ауылдан келген сөмкені ақтарып, ішіндегіні бөлмедегі достарыммен бөлісесің. Сол сәтте, осы достарыңа деген ерекше бауырмалдықты сезінесің. Бөлмеде бірінші курстан бері 4 бала болып бірге тұрып жатқан соң, қызығың да, қиындығың да ортақ. Сол себепті, олар сен үшін ыстық, әрқайсысының орны бөлек. Олар – ең жақын достарың, бауырларың.

Алла бұйырса, дипломды алып, белгілі бір маман иесі болып, жан-жақ тарап кетсек те, достығымыздың ажырамасы анық. Бірақ, кеудеде «студенттік жылдар» деген өмірімнің бір үлкен орны қалады. Ол жылдар енді қайта келмейді, одан кейін үлкен жанұялық өмір басталады. Бұрыңғыдай тай-құландай тебіскен достарыңмен жиі кездеспейсің. Студенттік кездер жүрек түбінде, көңіл қошында мәңгілік естеліктер айнасы боп қала береді.

Ерлан Қлаубаев
техфак 2 курс

ВАЖНЫЙ ШАГ В УКРЕПЛЕНИИ СОТРУДНИЧЕСТВА

Благодаря спонсорской поддержке Фонда первого Президента Республики Казахстан, которую я получила в рамках конкурса «Гранты на поездки», мне посчастливилось принять участие на ежегодном конгрессе паразитологов, который состоялся с 4 по 6 июля в Германии (г. Берлин). На конгрессе представилась возможность выступить с докладом «*Verbreitung des Befalls mit Opisthorchis felineus-Metazerkarien bei karpfenartigen Fischen in Zentral- und West-Kasachstan*» - «Распространение метацеркарий *Opisthorchis felineus* у рыб семейства карповых в центральном и восточном Казахстане» на немецком языке. Доклад был подготовлен по результатам научно-исследовательского проекта «Разработка способов иммуноферментной диагностики опистрхоза животных и человека», согласно программе «Разработка и использова-

ние генно-инженерных и клеточных биотехнологий в медицине, сельском хозяйстве, охране окружающей среды, пищевой и перерабатывающей промышленности на 2009-2011 годы». Руководитель проекта - к.б.н., доцент Боровиков С.Н.

Также на конгресс был подготовлен постер с соавторами (Кереев Я.М., д.в.н., профессор, Кристиан Бауэр доктор вет.мед.) на английском языке «*Vector-borne and cyst-forming coccidial infections in pet dogs and cats from the Akmola region, Kazakhstan*» - «Вектор распространения простейших у собак и кошек в Акмолинской области».

В работе Конгресса приняли участие паразитологи университетов и специализированных лабораторий Германии, Швейцарии, Англии. Впервые на конгрессе представлены научные ис-

Мои Вуз! Моя профессия!

Выбор профессии – это одно из не легких решений, который принимает человек в своей жизни. От выбора профессии зависит его будущее, поэтому нужно с большой ответственностью отнестись к этому. Прежде, чем выбрать специальность, нужно хорошенько подумать и проанализировать, что тебе даст эта профессия, подходит ли она тебе. Я думаю, что самое главное, конечно, чтобы она приносила удовольствие. Но в наше время этого недостаточно, ведь работа наш хлеб, наше будущее. Поэтому важно чтобы профессия приносила не только удовольствие, но и была востребованной.

Выбор специальностей был широким, и я выбрал специальность «энергообеспечение сельского хозяйства». Я думаю, что эта специальность востребована и верю, что в будущем найду хорошую работу. Мне нравится мой университет, моя группа и выбранная мной профессия.

Аскар Зияйденев
1 курс, энергофак

Я выбрал специальность геодезия и картография, потому что мне нравится эта сфера деятельности. Нашему молодому государству необходимы высокие профессионалы. Мечтаю выйти из стен университета специалистом своего дела.

Карим Ерден, 1 курс, земфак

А выбрала специальность «лесные ресурсы» и учусь на самом первом и лучшем факультете – агрономическом! Наилучший способ охраны дикой природы – это создание заповедников и национальных парков. Уже сегодня люди должны предпринять усилия, чтобы сохранить Землю. Вот и я хочу изучать и защищать нашу природу.

Гулбаршин Альсерикова,
1 курс, агрофак

следованиях в области паразитологии, проводимые в Казахстане.

В период пребывания на стажировке в институте Паразитологии Гиссенского университета им. Ю.Либиха мною были освоены современные методы паразитологических исследований, под руководством доктора ветеринарной медицины Гиссенского университета, ассоциированного профессора Индонезийского университета Кристиана Бауэра.

к.в.н., доцент кафедры
«Ветеринарная медицина»
Лидер Л.А

• СЫР-СҰХБАТ



Шарафудинова Наталья Зинуровна

Туған жылы – 08.06.1990

Мамандығы –

«Ветеринариялық санитария», 4 курс

Спорт түрі – Белбеу күресі

(76 кг салмақ дәрежесінде)

Жетістіктері – Қазақстан және

Қырғызстан чемпионаттары,

Әлем чемпионаты

Медальдары – 2 алтын, 1 қола.

ҚАЗАТУ өнермен қатар спорт саласында талай жастың бағын ашты, дарынын шыңдады! Сондай дарын иелерінің бірі - **Наталья Шарафудинова.**

- **Осы спорт түрімен қашаннан бері айналысасың?**

- Шынымды айтсам, бір-ақ жыл болды. Алғаш рет 2 курста қызыға бастадым. Бапкердің кеңесімен жаттығуға келдім. Жаттықтырушы - Жанай Ибраев пен Ерлан Сәтпаев. Кішігірім жарыстарға қатысып, жеңістің алғашқы баспалдағынан өткен соң, түбегейлі айналысуды бастадым.

- **Бұрын айналыспаған спорт түрінен сенің дарыныңды ашқан бапкерлеріңе ризашылығың, айтар алғысың?**

- Бірінші алғысым осы бапкерлеріммен жолықтырған білім ордам Аграркаға ризашылығымды білдіргім келеді. Осы оқу орнына түсу арқылы, мен жаңа адамдармен таныстым. Жаңа достар тауып, оң-солымды таныдым! Шын мәнінде, шәкірттерін жан-жақты баптайтын, талабын шыңдайтын оқу орнының студенті атандым. Одан кейін, әрине бапкерлерімнің көрегендігіне, қажырлы еңбегіне деген алғысым зор

- **Мамандығыңды дұрыс таңдадым деп ойлайсың ба?**

- Әрине, дұрыс! Кейбіреулер енді спорттан бағың жанып келеді, мына мамандықты қайтесің, спорт мамандығына ауыс дейді. Егер мен бұл мамандықты таңдап, осында оқуға түспегенімде осы күнгі жетістіктеріме де жетпес едім. Мен өз мамандығымды жақсы көрем, сабағымды жақсы оқимын. Болашақта осы мамандық бойынша қызмет жасауды да мақсат етем.

- **Ал спортты қайтесің?**

- Әлі жаспын! Екі саланы қос қанатымдай қатар алып жүре аламын деп ойлаймын. Белгілі бір уақытқа дейін көздеген мақсаттарым бойынша күрестен қол үзбеймін.

- **Келешекте осы күрестен қандай белесті бағындырсам деген ойың бар?**

- Келесі жылы Астана қаласында белбеу күресінен Әлем чемпионаты болады. Сондықтан басты меже - өз елімде бас жүлдені иемдену.

- **Осындай спорт бәсекесінде қуанған немесе мұнайған сәттерің есінде ме?**

- Бәсеке, сайыс бар жерде жеңіс пен жеңіліс бар. Осы күнге дейін жауырыным сан мәрте жерге де тиді. Ол - өте ауыр. Бірақ сол жеңілістің ашы дәмі адамды үнемі қайрап отырады. Дайындалған сайын шыңдаласың! Шыңдалған соң, жеңіске жетесің! Ал жеңістің қуанышын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бірде универсиададан жүлделі орынға ие болмай, бірден чемпионатта алтынды алдым. Қарсыластың айбынын сонда көрдім, жеңістің жігер берер құдіретін сонда шынайы сезіндім.

- **Наталья, алдағы бәсекелерде бағың жансын, мәртебең әрдайым биіктей берсін!**

- Ешқашан еш нәрседен кешікпеңіздер! Әрдайым алға ұмтылыңыздар дегім келеді! Рахмет!

Е.Кунтуған
Баспасөз хатшысы

• СЫР-СҰХБАТ



Ұлт өнерін ұлық еткен өрен

“Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек”-деген “Қазақстан-2030” Стратегиялық бағдарламасындағы Елбасымыздың жолдауы бүгінгі таңда кез келген білім ошағының негізгі ұстанымы, ұрпақ тәрбиелеу жолындағы басты мақсаты екені сөзсіз.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті - өзінің жарты ғасырлық тарихында білім сапасы мен білікті маман қалыптастыру дағдысынан тыс, қоғамның түрлі саласында бағы жанған түрлі жас майталмандарды ел назарына іліктірген білім шаңырағы.

Осы орайда, студенттер контингентінен түрлі дарын иелерін даралай отырып, сонымен қатар студенттер уақытының тиімді пайдаланылуы көзделген. Университет тарапынан рухани тәрбие көзі - музыкалық тәрбие негізін қалыптастыру, дамыту шаралары кеңінен қолдау тапқан ізгі дәстүр өзегі болып табылады.

Білім ордасында қоғамдық кәсіптер факультетінің деканы Мейіржан Әлиақпаров жетекшілік ететін «Фараб» ән-би театры жұмыс істейді.

2-6 тамыз аралығында аталмыш ұжым Болгария мемлекеті, Варна қаласының Муниципалитеті мен Мәдениет департаменті ұйымдастырған «Варна- 2011» XX Халықаралық фольклорлық фестиваліне қатысып, бірінші орынды иеленді. Байқауға 25 елден 34 өнер ансамблі қатысты. Соның ішінде тек 8 елдің би ұжымы таңдалғанды. «Фараб» ән-би театры бұл фестивалда Астана қаласының ғана емес, еліміз бойынша шақырту алған жалғыз өнер ұжымы. Өнер додасында еліміздің атынан бақ сынады.

Фестиваль Варна қаласындағы жыл сайын алуан түрлі би байқаулары мен фестивальдары өтетін әйгілі жазғы театрда өтті. «Фараб» ән-би театры әділқазы алқалары және фестивальға қатысушы барша көрермендерге қазақтың Балбырауын», «Серпін», «Жайлауда», «Қайын» сынды ұлттық биі мен «Сәулем-ай», «Ой, жайлау», «Аулың сенің іргелі» сынды әуезді ән-күйін ұсынды. Киелі домбыраның күмбірлі құдіретін паш етті.

«Қазақтың отаншылдық жігеріне толы халық музыкасының ешкімге, ештеңеге ұқсамайтын ерекше тартымдылығы сондай, қазақ әнін тыңдағанда күллі дала көз алдынан өткендей болады» деп жазған француз жазушысы Ромен Ролланның пікірімен еуропа жұртшылығы тағы бір сәт орайлы ой бөліскендей болды. Мұның бір дәлелін «Фараб» ән-би театрының із салған жерінің бәрінде көрермен көзайымына айналуы деп білеміз.

Театрдың жас өнерпаздары өз кәсіптерін өнер, гуманитария саласынан жат техника, агрономия, сәулет, компьютерлік мамандықтармен байланыстырған студенттер. Сондықтан бұл олжа орасан зор еңбек пен ынталы талаптың жеңісі.

Еркежан Кунтуғанқызы

**БАСПАСӨЗ
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ**
Талғат Маханов

БАСПАСӨЗ ХАТШЫСЫ
Еркежан Кунтуған

ДИЗАЙН ЖӘНЕ БЕТТЕУ
Айсұлу Исмаилова

Газет Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1106-Г тіркеу куәлігі берілген.

Редакция жариялауға ұсынылған материалдарды рецензияламайды. Жарияланымдардың мазмұны мен суреттердің сапасына жауап бермейді.

МЕКЕНЖАЙЫ:

Астана қаласы, Жеміс даңғылы, 62
С.Сейфуллин атындағы ҚАЗАТУ тел: 31-75-64; 39-57-07
Газет ҚАЗАТУ баспаханасында басылады.
Газет ай сайын шығады. Таралымы 1000 дана.